

2023 жылғы қаңтар-ақпандағы өнеркәсіп

Хабарлама күні: 2023 жылғы 15 наурыз
Келесі хабарламаның күні: – 2023 жылғы 17 сәуір

1. Түйінді тұстары
2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
3. Глоссарий
4. Әдістеме
5. Жарияланымдарға қатысты жсілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

2023 жылғы қаңтар-ақпандада Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 101,6% құрады.


Өндірістің өсуі тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда - 0,5%, өңдеу өнеркәсібінде – 2,5%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сүмен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 4,6%, сүмен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 3,2% байқалады.

Өңірлер арасында едәуір өсу Солтүстік Қазақстан, Абай, Ұлытау, Алматы облыстарында және Алматы қаласында белгіленді.

2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2023 жылғы қаңтар-ақпандада өнеркәсіп өнімдері 7134 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында – 3411 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 47,8%), өңдеуде - 3132 млрд. теңгеге (43,9%).

Өнеркәсіптік өндіріс индексі



Серпінді кестелер:

[Қазақстан Республикасының қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі](#)
[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің өңірлер бөлінісінде көлемі](#)

Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

Пайызбен

	2023 жылғы қаңтар 2022 жылғы қаңтарға	2023 жылғы ақпан		2023 жылғы қаңтар-ақпан 2022 жылғы қаңтар-ақпанға
		2023 жылғы қаңтарға	2022 жылғы ақпанға	
Өнеркәсіп	101,4	101,3	101,7	101,6
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	101,2	94,8	99,8	100,5
Өңдеу өнеркәсібі	101,6	109,7	103,4	102,5
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сүмен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	104,5	93,3	104,7	104,6
Сүмен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	91,2	119,2	115,1	103,2

Табиғи газды (101,1%), темірді қоспағанда, кендерді (107,6%), өзге де пайдалы қазбаларды (112,9%) өндіру салаларының артына байланысты 2023 жылғы қаңтар-ақпанды тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 100,5% құрады.


Өңдеу өнеркәсібінде есепті кезеңде 2022 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда ӨӨИ 102,5%-ды құрады. Осу тамақ өнімдерінде - 9,6%, сусындар - 22,6%, мұнайдың өнделген өнімдері - 6,5%, резенке және пластмасс бүйімдары - 9,4%, негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру - 16,7%, машина жасауда 31,5% белгіленеді.

Электр энергиясымен, газбен, бumen, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда өндіріс көлемі құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және тарату көлемдерінің 20,5%, бumen, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету 11% артуы есебінен ӨӨИ 104,6% құрады.

Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2023 жылғы қаңтар-ақпанды ӨӨИ 103,2% құрады. Суды жинау, өңдеу және тарату көлемдері - 2,6%, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды қадеге жарату (қалпына келтіру) - 3,1%, ластануды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтер 2,6% артты.

Өндіріс көлемінің өсіу республиканың 13 өнірінде тіркелді, төмендеу Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстарында және Астана қаласында белгіленеді.

Өнеркәсіптік өндірістің индексі



Электронды кестелер:

[2023 жылғы қаңтар-ақпандығы қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері](#)

[2023 жылғы қаңтар-ақпандығы өнірлер бөлінісінде тұтастай өнеркәсіп бойынша өнімдердің \(тауарлар, қызметтер\) көлемі](#)

[2023 жылғы қаңтар-ақпандығы өнеркәсіптік өнімдердің заттай көріністегі өндірісі](#)

[2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өнеркәсіп өнімдерін жөнелту және қалдықтарының өзгеруі](#)

3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыш тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге откізуге немесе өзінің қызметкерлеріне енбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз

шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бүйімдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өндделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпы мемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексін есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Негұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексін есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды турлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тузыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»](#)

[Статистикалық бюллетені «Қазақстан Республикасында өнімнің \(тауарлардың\) және шикізаттың жекелеген турлерінің ресурстары мен пайдалану»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру және жөнелту туралы есебі» \(индекс 1-П, айлық\)](#)

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру туралы есебі» \(индекс 1-П, тоқсандық\)](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/www.taldau.stat.gov.kz/Негізгі/Статистика бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры Ә. Шаенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749774 E-mail: sy.tileubergeren@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәнгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	---	--	--